

АПТАЛЫҚ ШОЛУ

2026 жылғы
7 - 11 қыркүйек



Аптаның негізгі тақырыптары:

01

Қысқаша түйін
Нарықтағы негізгі көрсеткіштер

02

Аптаның негізгі оқиғалары:
Акция
Облигация
ФРЖ, инфляция және АҚШ экономикасы
Шикізат тауарлары және валюталар
Аймақтық көрініс

03

Апта тақырыбы: орталық банктердің ақша-кредит
саясатын бір мезгілде қатаңдатуы және
халықаралық әртараптандыру
Алдағы апта
Қорытынды

Америкалық акциялар аптаны төмендеумен аяқтады: S&P 500 индексі 0,80%-ға, NASDAQ 0,66%-ға, Dow Jones 1,57%-ға төмендеді. Қысым АҚШ-тан тыс нарықтарда да кеңінен байқалды: Euro Stoxx 50 1,06%-ға, Nikkei 225 1,55%-ға, Hang Seng 3,30%-ға, ал KASE индексі 2,93%-ға төмендеді. Бұл ретте MSCI Emerging Markets 2,44%-ға өсті.

АҚШ-тағы тамыз айындағы инфляция бойынша есеп негізгі макроэкономикалық оқиға болды. Жалпы CPI жылдық мәнде 3,4% деңгейінде сақталды, ал базалық CPI жылдық мәнде 2,4%-ға дейін баяулады. Алайда айлық көрсеткіш 0,3%-ға өсіп, сәуір айынан бергі ең жоғары қарқынға жетті. Есеп жарияланғаннан кейін нарық қыркүйек айында ФРЖ мөлшерлемені көтеру ықтималдығын шамамен 88-90% деп бағалады.

Таяу Шығыстағы шиеленістің жаңа кезеңінің аясында мұнай бағасы күрт қымбаттады. Brent маркалы мұнайдың бағасы бір аптада 11,18%-ға өсіп, барреліне \$107,58-ға жетті. Энергия бағасының өсуі инфляциялық қауіптерді күшейтіп, жоғары мөлшерлемелердің ұзақ уақыт сақталуы мүмкін деген сценарийді қолдады.

Қарыз нарығына қысым күшейді: UST 10Y кірістілігі 19 б.т. өсіп, 4,97%-ға жетті, ал UST 30Y кірістілігі 12 б.т. артып, 5,36%-ды құрады. Еуропада Ұлыбританияның 10 жылдық мемлекеттік облигацияларының кірістілігі 21 б.т. көтеріліп, 5,34%-ға жетті, ал Германияның 10 жылдық облигацияларының кірістілігі 16 б.т. өсіп, 3,50%-ды құрады.

Еуропада ЕОБ негізгі мөлшерлемені 25 б.т. көтеріп, 2,50%-ға жеткізді. Жапонияда да нарық Жапония Банкі тарапынан мөлшерлеменің ықтимал көтерілуіне дайындалды, ал иена долларға қатысты нығайды. Ірі орталық банктердің ақша-кредит саясатын бір мезгілде қатаңдатуы валюта нарықтары, облигациялар және халықаралық акциялардың салыстырмалы тартымдылығы үшін маңызды факторға айналды.

Қор ағыны америкалық активтерге қатысты тәуекелдің айтарлықтай қысқарғанын көрсетті: бір аптада АҚШ акциялары қорларынан \$31,08 млрд, ал долларлық ақша нарығы қорларынан \$10,87 млрд шығарылды. Сонымен қатар фунт және еуроға ақша нарығы қорларына, Швейцария акцияларына және жаһандық акцияларға ірі көлемде қаражат құйылды.

Аптаның негізгі сигналы: мұнай бағасының \$100-дан жоғары көтерілуі, базалық инфляцияның айлық мәнде күшеюі және облигациялар кірістілігінің күрт өсуі нарықты **қыркүйек айында** ФРЖ мөлшерлемені көтеруі мүмкін деген сценарийге жақындатты.

Индекс	Деңгей	Бір аптада	Жыл басынан
S&P 500	7 657	-0,80%	+11,64%
Dow Jones	52 573	-1,57%	+8,66%
NASDAQ	26 333	-0,66%	+13,33%
Euro Stoxx 50	6 325	-1,06%	+8,11%
FTSE 100	10 650	-1,67%	+7,03%
Nikkei 225	64 011	-1,55%	+27,16%
Hang Seng	24 806	-3,30%	-5,82%
CSI 300	4 510	-0,83%	-2,59%
KASE	7 874	-2,93%	+11,99%
MSCI World	4 906	-1,91%	+10,73%
MSCI EM	1 745	+2,44%	+24,25%
Brent маркалы мұнай	107,58	+11,18%	+74,98%
Алтын	4 349	-1,84%	+0,42%
DXY	99,12	-0,05%	+0,71%
USD/KZT	450,63	-1,08%	-11,19%

Акция

Мұнай бағасының өсуі, базалық инфляцияның айлық мәнде жеделдеуі және облигациялар кірістілігінің артуы акцияларға деген сұранысты шектеді. S&P 500 индексі 0,80%-ға, NASDAQ 0,66%-ға, Dow Jones 1,57%-ға төмендеді. Қарыз алу құнының өсуі аясында шағын компаниялардың акциялары ірі компанияларға қарағанда әлсіз нәтиже көрсетті, ал корпоративтік пайданың жоғары деңгейі макроэкономикалық ахуалдың нашарлауын ішінара өтеді.

АҚШ-тан тыс нарықтарда төмендеу Еуропа мен Азияда анағұрлым айқын болды. Euro Stoxx 50 1,06%-ға, Nikkei 225 1,55%-ға, Hang Seng 3,30%-ға, CSI 300 0,83%-ға, ал KASE индексі 2,93%-ға төмендеді. Ерекшелік Бразилия болды, онда Bovespa 1,11%-ға өсті.

Облигация

Мемлекеттік облигациялардың кірістілігі айтарлықтай өсті: UST 10Y кірістілігі 4,78%-дан 4,97%-ға, ал UST 30Y 5,24%-дан 5,36%-ға дейін көтерілді. UK Gilts 10Y кірістілігі 5,34%-ға, Germany 10Y 3,50%-ға дейін өсті, ал China 10Y кірістілігі 1,69%-ды құрады. Негізгі факторлар – инфляция, мұнай бағасының өсуі және орталық банктердің ақша-кредит саясатын қатаңдатуын күту.

Кірістілік	14.09.2026	07.09.2026	Өзгеріс
UST 10Y	4,97%	4,78%	+19 б.т.
UST 30Y	5,36%	5,24%	+12 б.т.
UK Gilts 10Y	5,34%	5,13%	+21 б.т.
Germany 10Y	3,50%	3,34%	+16 б.т.
China 10Y	1,69%	1,68%	+1 б.т.

АҚШ-тың корпоративтік облигациялар нарығындағы жағдай тұрақты болды. Инвестициялық деңгейдегі облигациялардың (US IG) спреді өзгермей, 115,4 б.т. деңгейінде қалды. Ал жоғары кірісті облигациялардың (US High Yield) спреді 1,2 б.т. кеңейіп, 301,9 б.т. жетті, бұл тәуекел үшін алынатын сыйлықаның аздап көбейгенін көрсетеді. Сонымен қатар дамушы нарықтардың доллармен номинирленген облигацияларының спреді 11,2 б.т. қысқарып, 175,6 б.т. дейін төмендеді. Бұл инвесторлардың осы сегментке деген көзқарасының жақсарғанын көрсетеді.

ФРЖ, инфляция және АҚШ экономикасы

Тамыз айындағы CPI баға қысымының сақталғанын көрсетті: жалпы инфляция жылдық мәнде 3,4%-ды, ал базалық инфляция 2,4%-ды құрады. Базалық индекс айлық мәнде 0,3%-ға өсті, бұл 0,2% деңгейіндегі нарықтық күтуден жоғары және сәуір айынан бергі ең жоғары қарқын болды. PPI айлық мәнде 0,4%-ға өсіп, өндірушілер бағасының жалпы индексі жылдық мәнде 5,4%-ға жетті.

CPI деректері жарияланғаннан кейін 16 қыркүйекте ФРЖ мөлшерлемені 25 б.т. көтеру ықтималдығы шамамен 88-90%-ға дейін өсті. Бұл ретте еңбек нарығы тұрақтылығын сақтап отыр: бастапқы жұмыссыздық бойынша жәрдемақыға өтініш саны 206 мыңды құрады, ал тамыз айында жұмыссыздық деңгейі бұған дейін 4,1% деңгейінде сақталған болатын.

Шикізат тауарлары және валюталар

Brent маркалы мұнай 11,18%-ға қымбаттап, бір баррель үшін \$107,58 болды. Алтынның бір унциясы 1,84%-ға – \$4 349 дейін, күміс 2,62%-ға – \$64,48 дейін арзандады.

DXU 99,12 болды. USD/KZT бағамы 1,08%-ға төмендеп, 450,63 болды, бұл теңгенің нығаюына сәйкес келеді. USD/JPY бағамы Жапония Банкінің мөлшерлемені көтеруін күту аясында 1,73%-ға дейін төмендеп, 153,54 теңге болды.

Аймақтық көрініс

ЕОБ мөлшерлемені 25 б.т. -- 2,50% дейін көтерді және инфляциялық күтулерді қайта қарады. Еуроаймақтың ЖІӨ екінші тоқсанда 0,6%-ға (т/т) өсті. Euro Stoxx 50 1,06%-ға, FTSE 100 1,67%-ға төмендеді.

Жапонияда Nikkei 225 1,55%-ға төмендеді, ал 10 жылдық облигациялардың кірістілігі 2,98%-ға өсті. Қытайда CSI 300 0,83%-ға, Hang Seng 3,30%-ға; экспорт жылдық мәнде 25,0%-ға, импорт 28,2%-ға өсті, инфляция жылдық мәнде 0,8% жеделдеді.

Апта тақырыбы: орталық банктердің ақша-кредит саясатын бір мезгілде қатаңдатуы және халықаралық әртараптандыру

ЕОБ қазірдің өзінде мөлшерлемені 25 б.т. көтерді, ал апта соңына қарай нарықтар қыркүйек айында ФРЖ-ның мөлшерлемені көтеру ықтималдығын шамамен 90% деп бағалады. Сонымен бірге Жапония Банкі мөлшерлемені 25 б.т. көтереді деп күтілді. Ақша-кредит саясатының қатаңдатуы осындай үйлестіру жаһандық кірістіліктің жоғары деңгейін қолдайды және акциялардың инфляциялық деректер мен энергия көздерінің бағаларына сезімталдығын арттырады.

Бұл ретте алдағы кезеңде бағыттар әртүрлі болуы мүмкін. Егер АҚШ-тағы инфляциялық қысым Еуропа мен Жапонияға қарағанда тезірек бәсеңдесе, қысқамерзімді мөлшерлемелер арасында айырмашылық азаюы мүмкін, бұл доллардың әлсіреуіне алғышарт жасайды. Халықаралық акциялар шамамен 32%-дық дисконтпен S&P 500 форвардтық P/E бойынша сатылады; неғұрлым төмен бағалау мен ықтимал валюталық әсердің үйлесімі халықаралық әртараптандыру пайдасына дәлелдерді қолдайды.

Алдағы апта

16 қыркүйекте өтетін ФРЖ отырысы: нарық мөлшерлемені 25 б.т. көтеруді толығымен дерлік негізге алады; Кевин Уорштың жаңартылған болжамдары мен мөлшерлемелердің алдағы уақыттағы бағыты туралы пікірі негізгі шешім болады.

17-18 қыркүйекте өтетін Жапония Банкінің отырысы: инвесторлар мөлшерлемені 25 б.т. көтеруді күтуде; иена мен облигациялардың жаһандық нарығы үшін шешім маңызды.

АҚШ-тағы өнеркәсіптік өндіріс және бөлшек сауда, тұрғын үй статистикасы: деректер экономиканың қарыз алу құнының және энергия тасымалдағыштар бағасының өсуіне қаншалықты төзімді екенін көрсетеді.

Қорытынды

Апта акциялардың төмендеуімен, мұнайдың күрт өсуімен және кірістіліктің айтарлықтай артуымен аяқталды. АҚШ-та инфляция жылдық көрсеткіште жеделдеген жоқ, бірақ базалық бағаның неғұрлым күшті айлық өсуі мұнай күйзелісімен бірге ФРЖ-ның қыркүйек айындағы саясатын қатаңдату ықтималдығын айтарлықтай арттырды.

Таяудағы көкжиекте ФРЖ мен Жапония Банкінің шешімдері шешуші рөл атқарады. Мөлшерлемелерді көтеру көбінесе бағаға енгізілген, сондықтан нарықтар үшін одан әрі қатайту ауқымы туралы сигнал маңызды болады. Күшті корпоративтік кіріс акцияларды қолдауды сақтап қалады, алайда мұнай \$100-ден жоғары және UST 10Y кірістілігі шамамен 5% компаниялардың сапасына және портфельді әртараптандыруға қойылатын талаптарды күшейтеді.

Шолуды дайындаған: Әнуарбеков Алдияр

«BCC Invest» АҚ – «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы



<https://www.bcc-invest.kz>



<https://www.instagram.com/bcc.invest>



https://t.me/bcc_invest



Бұл материал тек ақпарат беру мақсатында таратылады. Осы материалды тарату инвестициялық кеңес беру қызметі емес. Осы материалда келтірілген ақпарат жеке инвестициялық ұсыным емес.

Осы материалды алушы шешім қабылдау үшін ұсынылған ақпаратқа ғана сүйенбеуге тиіс. Есептеулерді, тарихи деректерді және осы материалда қамтылуы мүмкін өзге де ақпаратты BCC Invest қызметкерлері жария дереккөздерден алынған ақпарат пен деректердің негізінде дайындады. BCC Invest мұндай ақпараттың толықтығын, дәлдігін және анықтығын тексермейді және тексеруге міндетті емес.

BCC Invest ұсынатын кез келген ақпаратты клиент тек өз қалауымен пайдаланады және тәуекелін өзі көтереді. BCC Invest ұсынатын ақпарат қандай да бір бағалы қағазды сатып алу туралы ұсыныс және/немесе сату бойынша міндеттеме емес, мәміле жасасуға итермелемейді және инвестициялық, салық және заң мәселелері бойынша, оның ішінде жасалатын мәміленің клиенттің нақты мақсаттарына сәйкестігі туралы мәселе бойынша ақпарат алушыға ұсыным емес.

BCC Invest олар туралы ақпаратты ұсынатын бағалы қағаздармен, оның ішінде шетелдік бағалы қағаздармен, валютамен, базалық активтердің алуан түрлі туынды қаржы құралдарымен (бұдан әрі – «Қаржы құралдары») операция жүргізбес бұрын, осы ақпаратты алушылар аталған қаржы құралдарын сипаттайтын құжаттармен (эмиссия проспектісі және т.б.) танысуы қажет және қаржы құралдарымен мәміле жасасқанға дейін өзінің қаржы, заң, салық, бухгалтерлік есеп мәселелері жөніндегі кеңесшілерінен және өзге де кеңесшілерінен жан-жақты кеңес алуға тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу белгілі бір тәуекелмен ұштасып жатыр, ол үшін жауапкершілік BCC Invest-ке жүктелуі мүмкін емес, өйткені олар тараптардың қисынды бақылауынан тыс және олардың осындай тәуекел салдарын болжау және алдын алу мүмкіндіктері шектеулі немесе мүмкін емес.

Клиент қаржы құралдарымен мәмілелер жасау мүмкіндігін өз бетінше бағалауға тиіс. Клиент, егер оның экономикалық және заңды мәні, құжаттамасы, шарттары мен онымен байланысты тәуекелдер түсініксіз болып қалса немесе ақпарат алушының мақсатына, ниетіне және күткен үмітіне сәйкес келмесе, мәміле жасаспауға тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу елеулі қаржылық және өзге де тәуекелді тудыруы мүмкін. Осы себептен бұл мәмілелер өзіне тиісті тәуекелді қабылдауға дайын және онымен байланысты ықтимал қаржылық шығынды көтере алатын адамдарға арналған. Кез келген мәмілені жасамас бұрын клиент тиісті мәмілені жасасуға байланысты туындайтын тәуекелді түсінетініне және кез келген оқиға өрбіген кезде өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және өзге де ресурстары бар екеніне көз жеткізуі қажет.

Қаржы нарығында операция жүргізу туралы шешім қабылдаған кезде, қаржы құралдарына инвестициялау күтілетін кірісті алмау, инвестицияланған қаражаттың бір бөлігін, тіпті барлығын жоғалту, ықтимал шығыс пен шығын тәуекелін көтеретінін ескерген жөн.

Болжамды оң кірістілік туралы ақпарат тек болжам ретінде ғана бағалануы мүмкін. Инвестициялық қызметтің бұрынғы нәтижесі болашақтағы нәтижені айқындамайды, ал активтердің құны көтерілуі де, түсуі де мүмкін. Шетел валютасын айырбастау бағамының өзгеруі инвестиция құнының азаюына немесе ұлғаюына әкелуі мүмкін. BCC Invest ақпаратты пайдалану негізінде клиент алуы мүмкін қаржылық нәтижеге қатысты кепілдік бермейді немесе оны растамайды және қандай да бір жауапкершілікті өз мойнына алмайды.

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі. Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген 10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 мемлекеттік лицензия.